

«Керемет» бастауыш мектеп – балабақша кешені

***Ата-аналар жиналысының
хаттамасы №3***

Тәрбиеші: Бітімбай М

2020-2021 жыл

Түркістан қаласы

16.02.2021 жыл

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 7

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы ІІ тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші Бітімбай Мөлдір балалардың ІІ тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторинг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы -наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап костюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм

татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.

Хатшы:

Төрайымы:



Курышбекова Жанна

Асилекова Айгерім